

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің ғылыми кеңесінде

Хаттама № 2 «29 қыркүйек 2025 ж.»

Факультет деканы **Байғунаков Д.С.**



ID 98176- Құжаттық лингвистика

ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**«БВ03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету»,
білім беру бағдарламасы**

2- курс, күзгі семестр

5 кредит


Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: ассистент-профессор
Нурпеисова Б.Е.

«6В03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету», білім беру
бағдарламасы негізінде әзірленген.

Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралды және
ұсынылды


«27.09.2025 ж.», хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

акдемиялық комитеттің төрайымы

«05. 09. 2025 ж.», хаттама № 1

 Бижанова М.Т..

КІРІСПЕ

«6B03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету», «6B03208-Сандық архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25-49 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу ережесі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу – бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтарының жалпы саны – 60, әр емтихан тапсырушыға универ жүйесіндегі генерациялау негізінде 3 сұрақ беріледі .
4. Ұзақтығы - 2 сағат.
5. Студенттердің жазбаша жұмыстарын Емтихан Комиссиясы тексереді.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болу керек.

III. Емтихан нәтижелері:

1. Емтихан Комиссиясы студенттердің жазбаша жұмыстарын тексерген соң, пән оқытушысы баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылады.
3. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
4. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Құжат». «Құжаттық лингвистика» түсінігі. Құжаттық лингвистиканың құжаттаудағы орны, маңызы.

Курстың терминдерімен, негізгі түсініктері.

Құжаттық лингвистиканың негізгі зерттеу нысандары және басқа пәндермен байланысы.

Жалпы және арнайы құжаттық лингвистиканың қолданыс кеңістігі: басқару, ғылыми, мәдени аясы мәселелері.

Жалпы және арнайы құжаттық лингвистиканың айырмашылығы.

Құжаттық лингвистикаға қатысы бар терминдер. «Архив және іс жүргізу» терминологиялық сөздігі.

Әлеуметтік байланыс орнату және заманауи құралдар көмегімен коммуникация орнату түрлері.

Құжаттық лингвистиканың қалыптасу тарихы.

Ресми және ресми емес деген түсініктер.

Тіл және сөз әлеуметтік байланыс құралы.

Әлеуметтік коммуникация және құжаттаудың дамуы.

Құжаттық лингвистика негізінде қалыптасқан терминді қолданудың маңызы.

Құжаттық лингвистикадағы «мәтін» түсінігі. Мәтіннің логикалық құрылымы.

Құжат мәтінін қалыпқа келтіру әдістері.

Табиғи және жасанды тіл. Мәтін түрлері.

Құжаттық лингвистиканың функционалды стилдік түрлері: іскерлік, заңнамалық, дипломатиялық, ғылыми.

Функционалды стильдердің құжаттық мәтін құрылымы.

Функционалды іскерлік түрлері.

Құжаттың ресми іскерлік тілі. Ресми-іскерлік стилдің сипаты.

Ресми-іскерлік стильдің ішкі жанрлары. Қызметтік құжаттардың ресми іскерлік стилін анықтап, мәтінде кездесетін кеңселік сөйлем тіркестері.

Ресми-іскерлік құжаттарды құрастырудағы мәтінді сауатты (грамматика, орфография, пунктуация т.т.) құрастыруға және терминдерді қолданудағы алаптар.

Құжат мәтініндегі терминдердің бірізділігі.

Орфография, пунктуацияның ережелеріндегі талаптардың қолданыс тұстарын анықтап, қате мәтінді түзету.

Тілдің - әлеуметтік байланыс құралы ретіндегі ролі.

Әкімшілік басқарудағы құжаттық мәтіннің лексикалық ерекшеліктері.
Әкімшілік басқару құжаттардың топтамасы.
Құжаттың стиліне қатысты иллюстративті материалдар.
Құжат мәтінін біріздендіру және стандарттау әдісі және тәсілдері.
Құжаттың мәтінін стандарттау әдісін қолданып, трафаретті, шаблонды құжат жасау.
Құжаттың мәтінін біріздендіру.
Қызметтік құжаттар түрлері, жүйесі және оларды құрастырудың ерекшелігі.
Бизнес процесстегі құжаттар түрлері және олардың мәтіндік ерекшелігі.
Мемлекеттік мекемелердегі құжаттар.

Құжаттық лингвистика ғылым негізінің қалануы. Құжаттық лингвистика ғылымының негізін қалаушы ғалымның құжаттық лингвистикаға қатысты еңбектері, өмір сүру кезеңдері.
Мәтіндік деректемелер және оларды құжатты құрастыруда қолдану әдісі және тәсілдері.
Мәтіндік деректемелер құрамын және оларды қолдану аясы.
Құжаттық лингвистиканың мемлекеттік тілде құжаттауда дамытудағы орны.

Ұйымдастырушы - құқықтық құжаттардың мәтінін құрастыру әдістері.
Ұйымдастырушы құқықтық құжаттар топтамасын анықтап, олардың мәтіндік ерекшелігі.
Ұйымдастырушы құқықтық құжаттардың мазмұнындағы айырмашылығы.
Қызмет атқару саласындағы ақпараттық анықтама құжаттарының мәтінін құрастырудың әдіс тәсілдері.
Қызметтік хаттар.
Мәтінді құрастыру және редакциялау әдістері. Арнайы тәсілдері келесі құжаттардың мәтінін құрастыру: өтініш, бұйрық, баяндау, хаттама, кіріс құжатындағы (тіркелген іскерлік хат) және қалау бойынша қосымша құжат түрін құрастырып, редакциялау әдісін қолдану әдістері.

Электронды құжаттардың мәтіндік негізі, түрлері және оларды құжаттық лингвистиканың заңдылық негізінде толтыру талаптары.
Электронды құжаттардың мәтіндік ерекшелігі.
Құжаттық лингвистиканың салалық жүйеде, қоғамдық ортадағы орны.
Құжаттық лингвистика және тілтанудың ғылыми саласы. Сөз құрастыру және мәдениетті ауызша жазбаша сөйлеуге маңызы және айырмашылығы. көрсету.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Оқу әдебиеттері:

1. Дуйсембиева М.М. Искерлік –ресми құжаттар. - Алматы, 2007
2. Сүлейменова Э.Д. 2020 Очерки о лингвистах – 172 с.
3. Лингвистикалық бағыттағы салалық терминология сөздігі = Отраслевой терминологический словарь по направлениям лингвистики / құраст.: Г. Мәдиева, Л. Шәйкенова,

- М. Мәмбетова, А. Таусоғарова [және т.б.]; жалпы ред. басқ.
 Г.Б. Мәдиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 111 б.
3. Кушнерук С.П. Документная лингвистика: учеб. пособие. – 2 –е изд., испр. и перераб. – М.: Флинта:Наука, 2008.
 4. Янковая, В.Ф. Документная лингвистика: учеб. / Валентина Федоровна Янковая.- М.: Академия, 2011.- 281, [7] с.- (Высш. проф. образование).
 5. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. 3-е изд. – М: Едиториал УРСС, 2005.
 6. Дуйсембиева М.М. Искерлік –ресми құжаттар. - Алматы, 2007
 7. Роготнева Е.Н. Документная лингвистика: сборник учебно-методических материалов / Е.Н. Роготнева. – Томск Изд-во Томского политехнического университета, 2011. – 784 с.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән:

Форма: жазбаша (оффлайн).

Платформа: Univer АЖ

Критерийлер	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Тапсырманың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну.	Теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; Практикалық тапсырма толығымен шешілген; Материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; Шығармашылық қабілеттері көрсетілген.	Теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі; Практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі; Материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.	Жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі; Тәжірибелік тапсырма толық емес; Материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.	Логикалық жүйелілік сақталмаған; Терминдерге, негізгі тұжырымдамаларға өрескел қате жіберілген. Сұрақтың мазмұны ашылмаған, негізгі ұғымдарды білмейді; сілтемелер келтірілмеген.
2-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану.	Тақырыптың терминдік негізін талапқа сай анықтайды және баяндайдауда; зерттеулердің теориялық, әдістемелік негізін біледі және сараптайды. Тапсырма логикалық	Терминдік негізіне қатысты сұрақ ашылған зерттеулердің теориялық, әдістемелік негізіне қатысты білімін толық көрсете алмаса және тапсырма логикалық құрылымы бойынша орналастырылуы	Жауабы шала және қате баяндалған; шығармашылық қабілеттері қалыптаспаған, грамматикалық, орфографиялық қателіктер бар.. Жалпы таспырманы ішінара біледі; түсіндірмелер мен мысалдар	теориялық, әдістемелік, практикалық жағынан өрескел қателіктер жіберілген; жазбаша баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, пәннің ұғымы мен құрылымын түсінбейді; тәжірибелік мысал келтірілмеген немесе

	құрылымы бойынша орналастырылса	талапқа сай болмаған жағдайда.	жеткіліксіз; талдау әлсіз.	сұраққа қатысы жоқ.
3-сұрақ	35–40 балл	25–34 балл	15–24 балл	0–14 балл
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі.	Негізгі сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген; Жауабы дәлелді мысалға жүгініліп толығымен шешілген; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген; жазбаша жауап беруде шығармашылық қабілеттері көрсетілген	Пәнді игеруде, ғылыми тілді қолдану ұстанымы қалыптаспаған; материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауаттылығы жеткіліксіздеу; практикалық тапсырма орындалғанмен, қарастыратын тақырып толығымен ашылмаған; шығармашылық қабілеттері толық қалыптаспаған. дұрыс сипаттайды, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған; мысалдары шектеулі; қорытынды жалпы сипатта.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы. Сонымен қатар, үстірт түсіндіреді; талдауы әлсіз; логикалық қорытынды жоқ немесе толық емес.	Жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген; Баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған. Жауап сұраққа сәйкес келмейді; ақпараттық технологияларды қолдану және бағалау бойынша білім көрсетпейді.